

# Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
РОПАНІ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

май Сейсенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйым.

ССР Одағы Министрлер Советі ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын шығарды. Жаңа заемға ұйымшылдықпен жазылып, социалистік Отанымыздың күш-қуатын арттыра беру ісіне жаңа үлес қосайық!

## жазылмаған бірде-бір еңбекші қалмасын!

### заемы

метан кейінгі бесжыл-  
1 жылғы халық шаруашылығын  
оспарын ойдағытай  
айлы жағдай туғызды.  
ізде өнеркәсіптің жа-  
лымен салыстырғанда  
ғыстан бұрынғы 1940  
рғанда екі есе артық

циалистік ауыл шаруашылығындағы қол жеткен та-  
ес. 1951 жылы ауыл-  
ді дақылдарының жал-  
ард 400 миллион пұт-  
қ малдың саны еселен-  
ділігі артты. Кол-  
ардың техникалық ба-  
күшеюде. Социалис-  
лығы өткен жылы  
ың трактор, 53 мың  
күк тасыйтын автома-  
баска ауылшаруашы-  
алды. Халық шаруашы-  
салалары мен мәде-  
ті және коммунизмінің  
н жүзеге асырудағы  
расан зор.

### ССРО Министрлер Советінде

### ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемын шығару туралы (1952 жылы шығарылған)

ССРО халық шаруашылығын онан сайын өркендету үшін, Еділ өзенінде Куйбышев және Сталинград су электр станцияларының, Днепр өзенінде Каховка су электр станциясының, Түркімен Бас каналының, Оңтүстік -Украина және Солтүстік -Қырым каналдарының құрылыстарын қаржыландыру үшін халық қаржысын қатыстыру мақсатымен ССРО Министрлер Советі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы (1952 жылы шығарылған) шығарылсын, оның сомасы 30 миллиард сом, мерзімі 20 жыл болсын.

2. Заемның облигациялары және олардың ұтыстары Мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдардан босатылсын.

3. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын (1952 жылы шығарылған) шығарудың ССРО Финанс министрлігі талсырған шарттары бекітілсін.

4. Заемға жазылу 1952 жылғы 6 майда басталсын.

ССРО Министрлер Советі 1952 жылғы

### Қуанышты еңбекпен тапқан сом — бейбітшілік құрылысына

Совет адамы, соның ішінде совет дәрігері өмірдің қуанышын азат еңбекте, бейбітшілік құрылыста, сүйікті социалистік Отанымыздың экономикалық қуатын үнемі арттыра беру үшін, адамдарымыздың әл-ауқат тұрмысын жақсартып, мәдениетімізді гүлдендіре беру үшін адал, қажырлы еңбекте, бейбітшілік үшін күресте деп біледі.

Бейбітшілік пен халықтық демократия үшін күреске дүние жүзінде жүз миллиондаған адамдар тартылып, американ империалистері бастап отырған реакция мен соғыстың, аштық пен өлімнің лагерінен Совет Одағы бастап отырған бейбітшілік пен достықтың, өмір мен болашақтың лагері кәзіргі уақытта бұрынғыдан да күшейе түсті. Біз, совет адамдары, өзіміздің сүйікті еліміз — Совет елі бастап отырған бейбітшілік пен демократия лагерінің соғысты жеңуін тілеп қана қоймай, ол үшін бейбітшілік ісіне өзіміздің күнделікті адал еңбегімізбен, білімімізбен, қуанышты еңбекпен табылған қаражатымызбен де тиісті үлес қосуды аяулы міндетіміз деп түсінеміз. Сондықтан да халық шаруашылығын өркендетудің 1952 жылға арналған Мемлекеттік

заемын шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын қуанышпен қарсы аламыз. Барлық совет адамдары сыяқты, Бірінші совет емханасының дәрігерлері де мемлекеттік заемға бірауыздан жазылып, бейбіт еңбектерімен тапқан соммен үлкен өзендер бойында салынып жатқан коммунизмнің алып құрылыстарының тез аяқталуына, мектептер мен емханалардың көп салынуына, машиналар мен маталардың бұрынғыдан да көп шығарылуына зор шаттықпен көмектеседі.

Данышпан көсеміміз және досымыз Сталин жолдастың басшылығымен елімізде коммунизмнің салтанат құратындығына сеніміміз зор. Совет адамдарының болашаққа деген сенімі мен бүгінгі бақытты өміріне деген қуанышы өзінің сүйікті Отанына, оның экономикалық қуатына байланысты. Сол үшін, Отанымыздың күннен-күнге көркейе беруі үшін адал, бейбіт еңбегімізбен, қуанышты еңбегімізбен табылған соммен де көмектесуді, оған үлес қосуды патриоттық борышымыз деп есептейміз.

Р. ИШЕЕВА,

Бірінші совет емханасының дәрігері



миллиард сом қарыз берді. Батыста гитлершіл басқыншыларды, шығыста жапон империалистерін талқандап, халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігін сақтауда бұл қаржы тиісті үлесін қосқаны сөзсіз.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтағаннан кейін большевиктер партиясы бастаған совет халқы неміс-фашист басқыншыларының елімізге салған жарасын тез жазып, халық шаруашылығын қалпына келтіру және онан әрі өркендету үшін барлық күшін жұмсады. Совет үкметі бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін бірнеше рет ССРО халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету заемдарын шығарды. Бұл заемдарды тарату ісі де халқымыздың зор саяси өрлеуі үстінде өтті. Соғыстан кейінгі жылдардағы заемдардан мемлекеттік бюджетке 164 миллиард сом кіріс кірді.

Соғыстан кейінгі жылдардағы мемле-

мыздың қаласы мен ауыл-село-ларында өтіп жатқан жыйналыстарда сөйлеген жұмысшылар мен колхозшылардың және интеллигенцияның патриоттық сөздері осыны айтады.

Мемлекеттік жаңа заемдарды тарату—шаруашылық және саяси маңызы бар іс. Партия, совет және кәсіподақ ұйымдары ұйымдастыру-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістете отырып, жаңа заемға жазылмаған бірде бір еңбекшінің қалмауын қамтамасыз етуге міндетті. Жаңа заемға жазылу ісі барлық жерлерде 4—5 апталық еңбекақы мөлшерінде деген ұранмен жүргізілуге тиіс.

Облыс еңбекшілері! ССРО халық шаруашылығын өркендету заемына (1952 жылы шығарылуы) түгел жазылып, Социалистік Отанымыздың экономикасы мен мәдениетінің онан әрі өркендей беруі не жетісейік!



**ССРО ХАЛЫҚ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫН  
ӨРКЕНДЕТУДІН  
МЕМЛЕКЕТТІК  
ЗАЕМЫНА  
ЖАЗЫЛЫҢДАР!**

**КОЛХОЗ ЕГІНІ ӨНІМІН ЗАЕММЕН МОЛАЙТ!**

Художник Б. Березовскийдің плакаты.  
«Мемлекеттік финанс баспасы» жасап шығарған.

право береді, ұтыс облигацияда белгіленген номерлердің әрқайсысына бір мезгілде шығады.

50, 25 және 10 сомдық облигациялар жүз сомдық облигациялардың бөлімшесі болып табылады. Бұлар жүз сомдық об-

Ұтыс тираждары 1953 жылдан бастап, ССРО Финанс министрлігі белгілеген мерзімде өткізіліп тұрады.

7. Әрбір ұтыс тиражында заемның әрбір разрядына, яғни, заемның әрбір жүз миллион сомына мынадай ұтыс шығады:

#### ҰТЫСТАР САНЫ

Облигациялардың өз бағасын қоса есептегенде 100 сомдық облигацияға шығатын ұтыстардың мөлшері	1—10 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	11—20 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	21—30 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	31—40 тираждардың әрқайсысындағы ұтыстар	Барлық 40 тиражда әрбір 100 миллион сомдық заемға шығатын ұтыстар жыйнағы
25.000 сом	1	1	1	1	40
10.000 сом	5	5	5	5	200
5.000 сом	10	10	10	10	400
1.000 сом	100	100	100	100	4.000
500 сом	1.000	1.000	1.000	1.000	40.000
200 сом	7.984	7.734	7.534	7.284	305.360

Ұтыстың жалпы саны	9.100	8.850	8.650	8.400	350.000
Ұтыстың жалпы сомасы (сом есебімен)	2.321.800	2.271.800	2.231.800	2.181.800	90.072.000

8. Ұтпаған облигацияларға 1957 жылдағы: өтеу тираждарын өткізу мерзімдері 1 октябрьден бастап заем мерзімінің аяқталуына дейін қалған 15 жыл ішінде олардың өз бағасы төленеді (сатып алынады).

Заемның әрбір 100 миллион сомына жыл сайын: 1957—1962 жылдары 2.500.000 сомнан, 1963—1967 жылдары 4.400.000 сомнан, 1968—1972 жылдары 5.600.000 сомнан сатып алынып тұрады.

1957—1971 жылдары сатып алынуда тиісті заем облигациялары жыл сайын өтеу тиражы арқылы белгіленіп отыры-

лады: өтеу тираждарын өткізу мерзімдерін ССРО Финанс министрлігі тағайындап отырады.

Өтеу тираждарында шықпаған облигациялар 1972 жылғы 1 октябрьден бастап сатып алынады.

9. Ұтыс шыққан облигацияларға, сол сияқты өз бағасы бойынша сатып алынуда тиісті облигацияларға 1973 жылғы 1 октябрьге дейін ақша алуға болады. Осы мерзім ішінде ақша алуға ұсынылмаған облигация күшін жояды да оған ақша төленбейді.

**ССРО Финанс министрі А. ЗВЕРЕВ.**

—Жаңа касын ны Біздің мемлікті қорғатыр. Мем болса, бейбі

Петропа жетіжылды коллективі шығару т арқылы е жазылып, тияға, туы ге шексіз

—Мемле мұғалима урпақ үшін теңтер. Со мыз біркис



**ЖАН**

Художі «Мемле



## р Советінде

## 1952 жылы жүн оспарын орындауды лары туралы

рілкітерін, е көмек- да ми- олхоздар- шаруашы- еркезінде, сын қам- сапасын ің есебі- а, қойлы қолда бар нымді пай- ц, совхоз- ықтардың мемлекет- деркезінде барлық- деттеді.

Ауыл шаруашылығы, совхоздар, мақта шаруашылығы министрліктеріне, дайындау министрлігінің Қазақ ССР-індегі өкіліне, Каззаготживсырьё конторына және облыстық атқару комитеттеріне мына жұмыстар тапсырылды:

әрбір бескүндікте көктемде қой қырку мен жүн дайындаудың барысын қарап, қой қырку қарқынын күшейтудің, қырқылан жүнді мемлекеттік дайындау пункттері мен өнеркәсіп базаларына тапсырудың және жөнелтудің қосымша шаралары белгіленіп отырсын;

қырқылан жүн қой қырудың бірінші күнінен-ақ мемлекетке тапсырыла бастасын, жүннің шаруашылықтарда кідіруіне және қандай да болса басқа мақсатқа жұмсалыуына жол берілмесін;

жүн дайындауда мемлекеттік тәртіпті нығайту шаралары белгіленсін, жүнді талан-таражға салған айынты адамдар қатаң жауапқа тартылсын.

Министрлер Советі облыстық атқару комитеттеріне мыналарды міндеттеді:

көктемде қой қырку және мемлекетке жүн тапсыру жұмысын ұйымдасқан түрде өткізуде қолхоздар мен совхоздарға нақтылы жәрдем көрсету үшін көктемгі қой қырку маусымына аудандарға, қолхоздар мен совхоздарға облыстық және аудандық совет, ауылшаруашылық, дайындау органдарының қызметкерлері жіберілсін;

қой қыркудағы және жүн дайындаудағы қызметкерлерді, сол сыяқты, дайын-



Үстіміздегі жылы Петропавлдың көгалдандыру тресі қала еңбекшілеріне 400 мың отырғызылған гүлдер сатпақшы.

СУРЕТТЕ: Үйдің бөлмелеріне қойылатын гүлдерді күтуші қызметкер Н. Степанова жолдастың гүлді арам шөптен тазартып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Мамандық көтеру курсы

Ауылдық, селолық және поселкелік Советтер председателдерінің мамандығын көтеру мақсатында облыстық Совет атқомі жанынан 4 айлық тұрақты курстер ұйымдастырылды.

Жуырда 1952 жылы қабылданғандар оқуға кірісті. Жалпы білімдерін арттырумен бірге, тыңдаушылар советтік правоның және совет құрылысының негіздері, совет экономикасының негіздері және экономикалық география сыяқты арнаулы пәндерді оқиды.

Курсқа оқу программасы бойынша инж-

## Кореядағы оқыйғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 май. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясы Бас командованнесінің бүгін берген хабарында барлық майдандарда Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге тығыз қыймыл жасай отырып, дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды делінген.

Орталық және Шығыс майдандардың жекелеген участоктерінде дұшпан авиация және танктердің қолдауымен халық әскерлерінің шептеріне атака жасауға әрекеттенді. Халық армиясының бөлімдері дұшпанның атакаларын тойтарып тастап, оның адам күші мен техникасын шығындарға ұшыратты.

Халық армиясының артиллериясы Кимчак (Шығыс жағалау) ауданында елді пункттерге зеңбіректерден оқ жаудыруға

әрекеттенген дұшпанның бір соғыс кемесін суға батырды.

ПХЕНЬЯН, 4 май. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованнесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Халық армиясының жағалаудағы артиллериясы Вонсан жағалауына басып кіріп, бейбіт елді пункттерге зеңбіректерден оқ жаудырған жаудың екі эсминесін қатардан шығарды.

Халық армиясының зениттік артиллерия бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар дұшпанның 8 самолетін атып түсірді.

## Бейбітшілік және демократия үшін күрес ұранымен

СИДНЕЙ, 4 май. (СОТА). Бүгін Сиднейде бейбітшілік, демократия және ел еңбекшілерінің әл-ауқат тұрмысын көтеру үшін күрестің ұранымен еңбекшілердің жаппай демонстрациясы болды. Демонстрацияға қатысушылардың көшеге алып шыққан транспорттары мен ұрандары бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасуға, халықаралық сауданы дамытуға шақырып, Кореяда жантүршігерлік жауыздықтар жасап отырған американдық империалистеріне лағнат айтады. Сол сыяқты, демонстрацияға қатысушылар атом қаруы мен бактериологиялық құралға тыйым салуды талап етеді.

## ЛИВАН ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ МЕН

БЕЙРУТ, 3 май. (СОТА). Бейрут телефон станциясының қызметшілері жалақыны ұлғайтуды талап етіп, ереуіл жариялаған. Өкмет орындары ереуіл жасаған

Демонстрация аяқтағаннан кейін 30 мың адам қатысқан еңбекшілердің митингісі болып, онда Великобритания компартиясының атқару комитетінің председателі Галлахер, Австралия компартиясы Орталық Комитетінің председателі Диксон және басқалар сөз сөйледі. Митингіге қатысушылар Корея мен Қытайда бактериологиялық құралды қолданып отырған американдық империалистерін айыптап бір-ауыздан қарар хабарлады және Біріккен Ұлттар Ұйымы осы қылмыстарды зерттеуі үшін Австралия үкметі барлық шараларды қолданысын деген талап қойды.

## БАЙЛАНЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

Ереуіл әлі болып жатыр. Почта, телеграф және хабарлау министрлігі жұмысқа тезінен кіріспейтін қызметшілерді қызметтен шығарамыз деп қоқан-лоқы көрсетті.



органдары колхоздар мен дайындау пункттерін қой қыркуға және жүн қабылдауға әзірлеуде өте-мөте артта қалуда. Бұл облыстардың колхоздарының, МТС-терінің, совхоздарының және дайындау пункттерінің көпшілігінде агрегаттарды жөндеу, қойды электромеханикамен және қолмен қыркушы, жүн сұрыптаушы, жүн қабылдаушы кадрларды іріктеп алу және даярлау қанағаттанғысыз. Колхоздар осы уақытқа дейін қой қырку жоспарларын жасамаған.

Мұндай жағдай көптеген облыстық, аудандық атқару комитеттері тарапынан ауыл шаруашылық, дайындау органдарының жұмысына күнбе-күнгі жедел басшылық болмағандығының нәтижесі.

Көктемде қой қыркуды ұйымдастыруда өткізу және жүн дайындаудың мемлекеттік жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету мақсатын көздеп, Министрлер Советі облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерін, ауыл шаруашылығы, мақта ша-

теттері мен аудандық атқару комитеттеріне аудандардың ерекшеліктерін және қойдың тұқымы қандай екенін еске ала отырып, әрбір шаруашылықтың жүнді ысырап етпей, қой қыркуды 10—12 күнде аяқтау есебімен әрбір аудан бойынша, ал, аудандарда әрбір колхоз, совхоз және көмекші шаруашылық бойынша көктемде қой қыркудың календарлы мерзімін тағайындау тапсырылды.

Қойды электромеханикамен қырку жөнінде Қазақ ССР Министрлер Советінің 1952 жылғы 28 январьдағы қаулысы бойынша бекітілген тапсырмалары көктемгі мерзімде сөзсіз орындалуға тиіс.

Министрлер Советі МТС-тер мен машина-малшаруашылық станцияларының директорларын МТС-тердегі және машина-малшаруашылық станцияларындағы барлық электр қуатымен қой қырку агрегаттарын толық пайдалану есебінен және электромеханикамен қой қырку жөніндегі жоғарыда айтылған қаулы бойынша

Өздерінің әрекеттерімен және теріс нұсқауларымен, мемлекеттік тәртіптің нашарлауына және жүн дайындаудың мемлекеттік жоспарлары орындалмауына жол беретін жергілікті совет, ауылшаруашылық және дайындау органдарының басшыларын қатаң жауапқа тартып отырды Министрлер Советі облыстық атқару комитеттеріне міндеттеді.

Колхоздар мен совхоздарда қой қыркуды ұйымдастыруда өткізу үшін және жүн дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындау үшін Министрлер Советі ауыл шаруашылығы министрі Мәмбетов жолдасқа, мақта шаруашылығы министрі Қыстауов жолдасқа, совхоздар министрі Ивандаев жолдасқа, дайындау министрлігінің Қазақ ССР-індегі өкілі Смирнов жолдасқа, Қазақотживсырьенның басқарушысы Қосынов жолдасқа, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің председателдерінің жеке жауапкершілігіне жүктеді.

## АСЫРА ОРЫНДАДЫ

Қыялы селолық Советінің агенттері халықаралық мереке —1 Майды өз жұмыстарында айтарлықтай табыстармен қарсы алды. Агент Савин және Ахметов жолдас тар Май мерекесі күрметіндегі социалистік жарысты өрістете отырып, село еңбекшілері арасында түсінік жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қаржы жыйнаудың төксандық тапсырмасын 118 процент орындады. Олар апрель айының жоспарын да едәуір артығымен орындап шықты.

## АМЕРИКАН ИМ КҰРА

ОТТАВА, 4 май. (Озетінің хабарына қарағанда) 28 апрель күні басталған және Канада соғыс конференциясына қатысқан делегация келіп, мұнда олар американдық делегациямен дертті хаяоанаттардың физиологиялық құрал-жабдығы ретінде қаралы мәселені талқы

## ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ЖӘНЕ СЫРТТАН ОҚИЙТЫН ОБЛ МЕКТЕП 1952 ЖЫЛҒЫ 15 МАЙДАН 25 АВГУСТҚА 1952 —53 ОҚУ ЖЫЛЫНДА 7—10 КЛАСТАРДА ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ

Сырттан оқийтын орта мектепке фабрикаларда, заводтарда ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 16 жастан асқан оқушылар қабылданады.

6—9 кластарды бітіргендігі туралы документтері барлар сынақсыз қабылданады. Ал, мұндай документтері жоқтар мына сынақ тапсырады:

7—8 кластарға түсушілер —орыс тілінен, әдебиеттен, Социализмнен.

9—10 кластарға түсушілер —орыс тілінен, әдебиеттен, физикадан және химиядан.

Мектепке түсу үшін өтінішіңізді, біліміңіз туралы да фотосуретіңізді (8x4), өмірбаяныңызды және жұмыс істеген анықтаманызды жіберіңіз.

Адрес: Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 76-үй.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ОҚУ Б

үстіміздегі жылы орта мектеп күрсінен экстернат ретінде оқыған деушілерден облыстың мына орта мектептерінде емтиханын азаматтардың есіне салады:

1. Петропавлдағы Калинин атындағы қазақ орта мектебі.
2. Петропавлдағы сырттан оқийтын орта мектепте.
3. Октябрь ауданындағы Марьевка орта мектебінде.
4. Ленин ауданындағы Явленка орта мектебінде.
5. Совет ауданындағы Киров орта мектебінде.
6. Булаев ауданындағы Булаев орта мектебінде.

Экстернат ретінде емтихан тапсырамын деушілердің жоғарыда аталған орта мектептердің дирекцияларынан түсінік алуына болады.

## Көктем егісі кезінде мәдени-бұқаралық жұмыстарды өрістете жүргізейік

Идеологиялық жұмыстар туралы БК(б)П Орталық Комитетінің тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, облыстық мәдени-ағарту мекемелері мәдени-бұқаралық жұмыстарды едәуір жоғары дәрежеде жүргізіп келеді, саяси және шаруашылық мәселелерді шешуде колхозды ауыл-деревня еңбекшілеріне барынша көмектесуде.

Алайда, мәдени-ағарту мекемелері өздерінің жұмыстарындағы елеулі кемшіліктерді әлі күнге дейін жоя алмай келеді. Клубтардың, мәдениет үйлері мен оқу үйлерінің және кітапханалардың көпшілігі мәдени-бұқаралық жұмыстарды төмен дәрежеде, облыстық, ауданның алдында тұрған саяси-шаруашылық

міндеттермен ұштастыра жүргізбейді. Мәдени-ағарту мекемелері, әсіресе, жаратылыс тану ғылымын насихаттауды қанағаттанғысыз жүргізеді, аудандық лекторлар тобы мен селолық лекторийлердің жұмысы айтарлықтай емес, лекциялар төмен дәрежеде өткізіледі.

Кәзір мәдени-ағарту мекемелерінің алдында аса зор және жауапты міндеттер тұр. Олар БК(б)П VIII пленумының және бесінші съезінің қаулыларын мұқият орындауға, еңбекшілердің өміріне тіксіз жүзеге асыра отырып, өздерінің жұмысын идеялық-саяси жоғары дәрежеде жүргізулері, көктемгі егіс кезінде мәдени-бұқаралық жұмыстарды мейлінше өрістете жүргізулері керек.

Көктемгі дала жұмыстары кезінде

мәдени-ағарту жұмыстарының орталығы колхоз бригадаларында, дала қостарында болуы, оларда газет витриналары ұйымдастырылуы, радио орнатылуы, кино көрсетілімі, күнбе-күнгі газет-журналдарды жеткізіп тұруды ұйымдастыру қажет.

Жергілікті партия, совет орындарының көмегіне сүйене отырып, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері колхозшыларды барлық жағынан мәдениетті қамтуға, көктемгі егіс кезінде мәдени-бұқаралық жұмыстарды өрістете жүргізуге жетісулері керек.

А. ОВЧИННИКОВ,

облыстық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторлар — 1-87, редакторлар — 1-88, редакторлар — 1-89, редакторлар — 1-90, редакторлар — 1-91, редакторлар — 1-92, редакторлар — 1-93, редакторлар — 1-94, редакторлар — 1-95, редакторлар — 1-96, редакторлар — 1-97, редакторлар — 1-98, редакторлар — 1-99, редакторлар — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс е